

2. Алтаев Ж.А. А.Х. Қасымжанов көрнекті фарабитанушы // *Әл-Фараби мәдениет тарихында. Қасымжанов оқулары: Халықаралық ғылыми конференция материалдары.* – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 19-21 бб.

3. Замза Муташиқызы. *Аль-Фараби и современность // ҚазМУ Хабаршысы. Ақпарат сериясы.* – 2000. – №2(5). – 66 б.

4. *Фарабитану қалай басталды? // Бердібай Р. Дәстүр қуаты.* – Алматы: Білім, 2005. – 131-137 бб.

5. *Қасымжанов А.Х. Оймен ұғынылған дәуір. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Фарабитану. Жиырма томдық.* – Астана: Аударма, 2006. – 16-т. – 440 б.

6. *Қасымжанов А.Х. Аль-Фараби.* – Алматы, 1997. – 127 с.

7. *Көбесов А. Әбу Насыр Әл-Фараби.* – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 176 б.

8. *Қасымжанов А.Х. Эстетические взгляды аль-Фараби.* – Душанбе: Ирфон. – 1990. – С. 11-44.

9. *Қасымжанов А.Х. Рационалистическая традиция и современность. Ближний и Средний Восток.* – М.: Наука, 1990. – 213 с.

В этой статье рассматривается творчество аль-Фараби как основа национального самосознания в философии А.Х. Касымжанова.

In this clause the creativity al-Farabi as a basis of national self-consciousness in philosophy А.Н. Kasymghanov is considered (examined).

Д.М. Кокеева

САМХИТ ИНДУИЗМНІҢ СӨЗ МАРЖАНЫ РЕТІНДЕ

XIX ғ. Еуропа дінтанушылары индуизм түсініксіз, құпия түрінде қала береді әрі оны (индуизмді) адамдардың көбі күннен-күнге жаңартып, бет алып келе жатқан ғажап дін. Сондықтан индуизммен таныс болу үшін бастапқы болмыс пен танымды негізге алу керек екендігін батыс зерттеушілері тілге тиек етеді [1, 234 б.]. Айнели Т. Эмбри индуизм сөзі парсылардан енген дейді [2, 6 б.]. Ал үнділердің айтуы бойынша өз діндерін «Хинду саната дхарма» деп атайды. Ол «үнді заңы» немесе «мәңгілік заң» мағыналарын береді. Бұл дін өте күрделі, үнді құдайлары Тримуртимен байланыстылығын көрсететін болғандықтан діни, аңыздық, құқықтық, этикалық сипаттарымен көрініс табатындығы айтылады [3, 6 б.]. Н.Р. Гусева «Индуизм: история формирования, культовая практика» атты еңбегінде «хинду» сөзі орта ғасырдағы мұсылман дінін зерттеушілерінің еңбегінде көрініс табады. Бұл дін үнді мәдениетіндегі буддизм мен жайнизм дәстүрінің исламнан айырмашылығын көрсету қажеттілігінен туындаған болатын. Аталмыш жаңа дәстүрді көрсететін термин Еуропада «индуизм» формасында қабылданды, – деп түсіндіріп өтеді.

Үнді халқының ұлы көсемі Махатма Ганди өз сөзінде индуизм жайында былай деп зерделей түседі: Индуизм еуропалықтардың өздерінің (үнділердің) дінге қатысты берілген атауы не болмаса термині десе де мен үшін ол – мәңгілік саната дхарма. Сондықтан мен өзімді санатани индуспын деп санай отырып, негізгі себептерін атап өтемін:

Біріншіден, мен Ведаларға, Упанишадтарға және қасиетті кітап деп саналатын барлық үнділік кітаптарға әрі құдай кейіптері (аватор) мен екінші рет дүниеге келуге сенемін;

Екіншіден, қазіргі таңда кеңінен таралған және тұрпайы түсініктегі емес қатаң ведалық түсініктегі варнашрама дхармаға сенемін;

Үшіншіден, сиырды қорғауға сенемін;

Төртіншіден тұтқа табынушылыққа сенемін, – деп үнді халқының ұлы көсемі Махатма Ганди өз сөзінде индуизм жайында жоғарыда айтылғандармен дін мен қасиетті мәтіндерге анықтама береді [4, 35 б.].

Индуизм сөзінің қалыптасу тарихында 1000 жыл ішінде әлеуметтік ұйым, діни-философиялық доктрина мен теологиялық көзқарас ретінде құрылғандығы айтылуда. Сондай-ақ, индуизм өз ұстанушыларын көзқарастық, әлеуметтік, құқықтық, веданттық т.с.с. өмір аясымен сырлас тереңіне дейін ұғындыра отырып, өзіне қажеттіні және басқа аңыз-рәсімдік көзқарасты лайықты деп қарап, өзіне басқа діндерді, жат құдайлар пантеонын сіңіргендіктен өзін ұзақ өмір сүруін қамтамасыз етуде.

Ерте кезден өз тарихи жолдарымен дамып, жалғасын тауып келе жатқан индуизмді дәстүрлермен, әрі мәдениет символдары мен заңдар жүйесін түсіндіреді десек те болады. Сондықтан индуизм қазір де аңыздық-этикалық, фольклорлы байланысын сақтауда. Тіпті, философия индуизмде аңыздық құрылымы мен көрінісін жоғалтпады деуге де болады. Соның көрінісі ретінде 1995 ж. Үндістанның жоғарғы сотында

үнді діні мен қасиетті жазбаларды айырықшалап тұратын қағидаларды атап кетуге болады:

- Ең жоғарғы әрі даусыз рухани және философиялық беделі ретінде веданы сөзсіз қабылдау;

- ақиқаттың көпқырлылығын мойындау және басқа көзқарасқа сабырлықпен қарау;

- Космостық цикл жасаушы, қиратушы, реттеушінің шексіздігін мойындау;

- Карма заңдарымен қайта туылуға сену;


- Рухани бостандыққа әртүрлі жолмен баратындығына сену;

- пұтқа табынушылықтың жалпы мүмкіншіліктерін тану және көрінетін құдайларды дәріптеуден бас тарту [5, 14 б.].

Индуизмнің пайда болу тарихында ешқашан жалпыүнділік жиын шақырылмаған. Үнді қоғамында ертедегі дәстүрдің ізімен жүру сақталып қалды. Олар үшін ата-баба діні ритуалды-веданттық нормаларды бақылауда ұстау, аңыз-әңгімелерге сену, өз дүниетанымындағы құдай-

ларға нану және қасиетті мәтіндердің беделін мақұлдау болып табылады. Себебі индуизм сөзінің шығуының өзі де наным-сенім мағынасымен үндес келеді. Оның ажыратуға келмейтін бөлімі – элеуметтік институттар, құқықтық нормалар мен құрылымдар, мәдени феномендер болып табылатындықтан индуизм терминінің шығуына діни-философиялық жүйе даршан мен соңғы мәтіндер – шастр қалыптасқан кезең негіз болады.

Бұл көзқарас бойынша индуизм сөзінің шығу төркінін философиялық мәтіндермен үндес жатқандығын білдіреді. Бұл бойынша индуизм сөзінің түп төркінін самхиттен іздестіргеніміз жөн деп индуизмге үңілмес бұрын самхиттің сырын ашып алу керек деседі атап өтеді зерттеушілер. Бұл орайда санскрит тіліндегі «самхит» сөзі ән мен сөздің маржаны деген мағынаны білдіреді. Бұл аталмыш маржан, яғни қасиетті жазбалар үнді дүниетанымындағы құдайлар болмысын дәріптеуге арналған гимндер жинағы болып табылады.



Едәуір кең тараған канон мәтінінің жинағы қос мүшелі болып келеді. Ол екіге бөлінеді: шрути және смрити.

Аталмыш қатарлардың өзі ішінара бірнеше тармақтан құралып индуизм сөзінің сырын аша түсетін, үнді дүниетанымындағы рухани болмыс пен табиғи болмысты терең қамтыған шрути («тындау» деген мағынаны білдіреді) төмендегі қатарлардан тұрады:

- Ригведа;
- Самоведа;
- Яджурведа;
- Атхарваведа.

Алғашқы үшеуі «Қасиетті ілім» болып табылады. Онда ертедегі арийлердің қоршаған әлем мен ондағы адамзаттың орны туралы түсініктері жазылған.

Кеңістік жайында сөз етілген Вед ілімінің ең көнесі әрі беделдісі – Ригведа. Ригведадағы космогондық гимндер болмыстың бастауын, себебін дәріптеуге арналған. Вишвакарманда жаратушы құдай дәріптелсе, алғашқы адам құрбаны пуруш бейнеленеді. Жаратылған кеңістікті арийлер үш әлемге құдайлар мекені, адамдар мекені және тіршілік мекені деп бөлген. Осы мекенді басқарушы туралы мадақтаулар жоғарыда көрсетілген Вед ілімдерінен көрініс табады. Осыған орай, үнді ғалымы Вайсадеваның барлық Вед ілімдерін жинап «Веданта сутра» деп атаған деген түсініктері де кездесуде [6, 10 б.].

Жоғарыда атап өткеніміздей, Вед ілімдерімен қатар самхиттің басқа жинақтарында да Жаратушы мен әлем жаратылысы тұрғысындағы құпия сырлар сипатталып, ақиқатқа, білімге жетелейтін нұсқаулар кеңінен талдауға арналған. Олар: брахмандар, араньяктар, упанишадтар болып табылады.

Брахман (санскр. ब्रह्मन्, ब्रह्, brh, «өсу» және मन्, man, «ойлау, сену») – барлық болмыстың қайнар көзінің қыр-сырын терең меңгеру мүмкіндігі үнді қоғамындағы элеуметтік жіктелу жүйесіндегі брахмандардың атымен аталды. Брахман мәтінінде Әлем белгілі уақытта яғни, циклде пайда болады да жоқ болып кететіндігін тілге тиек етеді. Әлем жаратылысы төмендегі циклдардан тұрады:

- манвантара
- кальпа
- юг
- пралая
- Махапралая

Пайда болған әлем “Брахманың Жұмыртқасы” деп аталады. Ведалық философия Брахманның (яғни Абсолют құдайының) коцепциясын әр адамның өзіндік қабылдауымен тығыз байланысты. Сонымен қатар Упанишадтарда Атман мен Брахманды бірдей, яғни бір деп біледі.

Брахман әдебиетінде брахман ұстаздардың

өзіндік құлшылықтары баян етілген. Діни-фәлсафалық шығармаларда монистік концепциялардың көрінісі табылса, Упанишадта индуизм философиясының мистикалық концепциясы берілген. Упанишад – ұстаздың қасында отырып, қасиетті ілімді меңгеру деген тұжырым ашып түсіндірер болсақ, упанишад (उपनिषद्) – Веданың бір бөлігі, қасиетті индуизмнің шрути категориясына бұл жазуларда философия, медитация және құдайдың табиғаты туралы Упанишадта Веданың ең басты түйіні жазылғандықтан, оны кейде «веданта», яғни Веданың соңы деп атайды. Упа उप (қасында), ни नि (астында) және шад षद् (отыру), яғни ұстаздың қасында отырып, дәріс алу деген мағынаны білдіреді. Макс Мюллер упанишад іліміне «гурудың жанында отырып, жасырынды білім алу» деп тұжырым берсе, үнді зерттеушісі Шанкар «упанишад», квив жұрнағының – упа деген жалғауына қосылуы негізінде пайда болған. Сол себептен бұл ұғым – «білімсіздіктен рухани жолды тани отырып арылу» деген тұжырымға сай келеді деп тілге тиек етеді. Упанишадты үйренбей, самхиттің басқа бөлімдерін меңгеру әсте мүмкін емес делінген. Сондықтан самхит жинақтарын оқып-білуге тек ашрамды (рухани тазалықты) меңгерген адам ғана жіберілген.

Б.д.д. VIII-VI ғғ. б.д. IV ғ. упанишад кезеңі болып саналады. Олар брахманизм жүйесіне негізгі бөлім болып кіреді және діни-философиялық ойлардың дамуындағы ведадан кейінгі кезең болады. Упанишадтар Веданың қорытынды бөлімін құрайды. Упанишадтың негізгі түсінігі – Брахман және Атман. Олар да пуруш, карма, сансар туралы түсінікті өрбітті. Мұнда ілім алу екі жолмен көрсетіледі: құдай және ата-баба жолы. Упанишадта ілімнің үш қасиеті: пракрит, пран және олардың түрлілігі жайында элементтер айтылады.

Упанишадта әлемнің мәнін терең ұғынуға деген ұмтылыс, діни, догматтық түсініктерге сүйене отырып өрілген ақыл-ой басым болды. Болмыстың субстанциялық негізін рационалды іздеу, адамның рухани құқықтық әлеміндегі күрделі ұғымдар мен категориялар, қайғы-қасіреттің мәнін түсінуге бағытталатын талпыныстың бәрі упанишадтың рационалды рухани ізденістерінің өзегіне айналады. Упанишад бойынша әлімнің бастапқы түпнегізі Брахма болып табылады. Брахма Атманмен біртектес, тұлғасыз мәнділік.

Упанишад ілімі бойынша үнді философиясының сырын түсіндіретін төмендегі қатарларды атап өтсек:

- Атман мен Брахман;
- Брахман мәңгі өмір сүргенімен оның еш

формасы жоқ;

- Әлем бұл – елес;
- Жан сансарадан өтеді және келешек ғұмыры оның өткен кармасына байланысты болады;
- Жан азаптан құтыла алады;

Упанишад ілімі бойынша үнді-арий құдайлары инкарнацияны негізге ала отырып, дара күштің әртүрлі көріністерде көрінетіндігін айтуда.

Упанишадтың натурфилософиялық концепциясының мәні аясы тар мақсат болып табылмайды. Олар ең бастысы сол идеяны, яғни ұстаздың шәкіртке айтқан өсиеттерін ұғынуға жүгінеді.

Упанишад көзқарасындағы үлкен қызығушылық адамдардың физиологиялық және психологиялық әрекеттілігі мен адамның психикалық күйі қабілеттілігінде жатыр. Мәтінде мінез-құлықты бағдарлаумен қатар негізгі этикалық нормалар қарастырылған. Этикалық көзқарастар кеңістік, физиология, психсиологиямен тығыз байланысты.

Упанишадтың «үлкен» және «кіші» тармақтан тұратын 108 түрі белгілі. Ең ежелгісі әрі беделдісі б.з.д. VIII-VII ғғ. Брихадаранья мен Чхандохья упанишадтары болып табылады. Кіші тармақтағы қатарға: б.з.д. VI-IV Айтарей, Каушитака, Кена, Таттирия, Катха, Иша, Мундака упанишадтары, сондай-ақ, б.з.д. III-II ғғ. жарық көрген Шветшватара, Майтри, Прашна, Мандукья упанишадтары жатады. Аталмыш упанишад ілімдерімен айналысып, үнді фәлсафасына мұра ретінде өз еңбектерін қалдырған қалдырған үнді ғалымдардан Шандилья, Удалака және Снуткамараның үндітану саласы бойынша алар орындары ерекше.

«Ормандық, орман кітаптары» мағыналарына ие санскрит тіліндегі араньяк (आरण्यक) сөзі зерттеушілердің пікірі бойынша мәтіндегі «махаврат» және «праваргья» сияқты әр түрлі қауіпті дәстүрлердің кездесетіндігінен алыс жерлерде үйретілген деп пікірлерін білдіреді.

Кейбір дәстүрлердің шектеулі қолданысына байланысты Араньяктарда әр түрлі күрделі құрбандықтардың (яджна) дұрыс орындалуларына көбірек көңіл бөлінген. Сондықтан да Араньяк жазулары «құпия» болып есептеледі. Араньяктар, басқа ведалық мәтіндер сияқты ұстаздан шәкіртке парампара тізбегімен төмендегі қатарлар бойынша беріліп отырған:

- Тайттирия-араньяк;
- Шанкхаяна-араньяк;
- Брихад-араньяк;
- Кауштака-араньяк;
- Майтраяния араньяк;
- Катха-араньяк;
- Бридхат-араньяк;
- Талавакара-араньяк.

Индуизмді толықтай меңгеріп, оның жұмбақ сырларын ғылыми тұрғыда ашып көрсету

үндітану аясындағы маңызды сала болып табылады. Сондықтан үнді дүниетанымына тән алғашқы діни дереккөздерді санскрит тілінен аудару еуропалықтардан бастау алатындығы анық. Батыс ғалымы Ч. Уилкинс «Бхагават-Гитаны», У. Джонс «Ману заңдары» мен «Гитоговинданы» индуизмге тән аппараттық категорияны сақтап, мейлінше аударған еді. XVIII ғ. соңы мен XIX ғ. бірінші жартысында үнді аңыздарына Шлегель, Г. Уилсон, Т. Кольбрук, Х. Лассен сынды ғалымдар индуизм зерттеу барысында оның негізгі тірегі болып табылатын қасиетті жазба деректеріне үлкен көңіл бөлген. XIX ғ. екінші жартысынан бастап санскриттің дамуы үлкен беуен алып, көптеген санскрит тіліндегі діни мәтіндердің аударылуына үлес қосқан ғалымдардан Л. Барнеттің, М. Моньер-Вильямс, А. Барт, Э. Хопкинс, Р.Г. Бхандаркар Дойссен, Г. Якобтың еңбектерін бөле жара айта кеткен жөн.

1. Бонгард-Левин Г.М., Ильин Г.Ф. *Индия в древности*. – М.: Наука, 1985. – 758 с.
2. Альбедиль М.Ф. *Индуизм. Главная религия Индии*. – СПб.: Питер, 2006. – 208 с.
3. Менон М.С. *Индия – микрокосм религии и философии // Индия перспективы*. – 1995. – апрель. – 45 с.
4. Мохандас Карамчанд Ганди. – *Таңдамалы хаттар мен сөздер*. – Алматы, 2006. – 192 б.
5. Сыркин А.Е. *Некоторые проблемы изучения упанишад*. – М.: Наука, 1971. – 290 с.
6. Akshai Anand. *Kaliyan // Gitapress, Gorhpur*. – 2006. – № 6. June. – 34 p.

В статье рассматривается значение и смысл священных гимнов «самхитгов» в индийской философии.

The article discusses the meaning and significance of sacred hymns "samhitas" in Indian philosophy.

Р. С. Гаршин

ГОРИЗОНТЫ СОЗНАНИЯ

Сознание это самая большая загадка – в нем заключается глубокая парадоксальность человеческого существования. О степени универсальности проблемы сознания, равно как и о ее сложности, недвусмысленно заявляют Пятигорский и Мамардашвили: «мы ... не можем (или не хотим, что здесь одно и то же) думать о сознании как о чем-то другом, ином, чем сознание, но можем думать о чем угодно другим как о сознании» [1, с.9]. Тайна сознания интересовала большинство крупнейших философов с древних времен до наших дней. Сегодня, быть может, она является самым главным препятствием в наших стремлениях к естественнонаучному пониманию вселенной. Физика еще не завершена, но она достаточно хорошо понята; биология отбросила большинство архаичных мистери, окружавших природу жизни. В нашем понимании этих областей есть пробелы, но они не кажутся неподдающимися решению. У нас есть ощущение того, как должно выглядеть решение этих проблем; нам нужно только правильно ухватить детали.

Даже в науке о разуме был достигнут большой прогресс. Современные работы по когнитологии и нейронауке ведут нас к лучшему пониманию человеческого поведения и процессов которые его направляют. Успехи функционального и бихевиористского направлений в

изучении разума хорошо известны, они создают видимость объективированности сознания и его познания, но, все же, они не могут претендовать на исчерпывающее решение проблемы, ибо, как предупреждал ещё Кант, «недостаточно описывать образ действия нашего разума и его диалектику — надо пытаться еще обнаружить ее источники, чтобы иметь возможность объяснить самое эту видимость как феномен рассудка, так как идеал, о котором мы говорим, основывается на естественной, а не на произвольной только идее» [2, с.508].

У нас не так много детализированных теорий познания, хотя детали должны обнаруживаться вблизи правильной философской позиции. Однако сознание приводит в замешательство так же, как и всегда до этого. Самые основательные логико-философские исследования Роджера Пенроуза [3] заставляют считать сознание принципиально невычислимым, а понимание математика не заменимым никаким быстроедействием электронно-вычислительных машин, в силу хотя бы того факта, что существуют виды вычислений, не могущие быть законченными. То же самое имеет в виду и Мамардашвили, говоря, что «когда математик рисует спираль и говорит «и так далее», то он уже видит спираль. В пространстве его видения уже существующее понимание позволяет ему